

2023-2024 оқу жылы
31.08.2023ж Хаттама №1

(ZOOM платформасы арқылы өтті)

Педагогикалық кеңес тақырыбы:

«Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім табысты ұлт»

Күн тәртібінде:

1. №1 Мектептің күрделі жұмыс барысын баяндау. Директор Г.Шакенова
2. 2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Э.Коблаш
3. «Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім табысты ұлт» баяндама.
Әдіскер Г.Шотанова
4. 2023-2024 оқу жылын ұйымдастыру мектептің жылдық жоспарымен таныстыру. Директор Г.Шакенова
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің I мәселе бойынша директор Г.Шакенова сөз алды:

Директор Г.Шакенова мектептің күрделі жұмыс барысы туралы баяндап өтті.

-Шатыр толық жабылмайынша мектептің ішкі жөндеу жұмыстары жүрмей жатыр. Осы аптада мектеп шатыры толық жабылады, ішкі жөндеу жұмыстарына көшеді. Өздеріңіз білесіздер, 7 тамыз – 7 желтоқсан аралығында отырған келісім-шарт бойынша жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Келісім-шарт бойынша шатыр мен подвал яғни жылу жүйесінің трубаларын ауыстыру. Интернаттың 3 қабатында 3-4 бөлме, мердігерлермен келісім хаттамалар жазылып, осы бөлмелерге ішкі жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр. Жаз бойындағы болып жатқан ауа-райының қолайсыздығы кедергі келтіріп отыр. Қатты жауында мектептің 1 қабаты спорт зал, акт залы, технология, шаштараз музыка кабинеттеріне су кетті. Қанша жұмыс көйлемі бар, шатыр жабылмай бұл жұмыс тарды бастай алмаймыз.

Қазіргі уақытта жөндеу жұмыстары толық аяқталып, онлайн оқуға қарсы еместігін жазған 98 - ата-анадан арыз алынды, яғни ата-аналар құптап отыр.

Енді педагогикалық кеңестің дәстүрлі сәті құттықтауға, марапатқа кезек берейік.

(Білім басқармасының құрмет грамотасымен «Үздік педагог» сайыстарының жүлделі орындарына ие болған педагогтар марапатталады)

Құрмаш Қ.Қ

Разақова С.Т

Жанжигитова Г.М

Габдуллина Г.Е

Маханова Б.А

Жумагазина А.Б

Шотанова Г.Г

Балжанова А.М

Түлебаева Г.Б

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Э.Коблаш:

Э.Коблаш 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті.

Нұсқау хаттағы заманауи бағыттар туралы айтылды:

1. Цифралық бетбұрыс;
2. Білім алушыға, бағдарланған білім беру;
3. Өмір бой оқу (білім алу)
4. Аралас оқыту;

Сын-қатерлер:

1. Мектеп мәдениеті;
2. Көшбасшылық дағдарысы;
3. Цифрлық теңсіздік;
4. Жаңа мамандықтар

Білім берудегі қазіргі халықаралық перспективалар әдістемелік нұсқау хат құрылымы

Негізгі ерекшеліктері:

Тәрбие мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз ету. Жаңа оқу жылындағы атаулы күндер. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс.

Бағалаудың негізгі ерекшеліктері:

Қазақ тілінен емтихан.

Мектепшілік бақылау жұмысын ұйымдастыру.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы.

Инклюзивты білім алу ортасын құру.

Әдістемелік нұстау хатты презентация арқылы барлық ерекшеліктерімен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша әдіскер Г.Шотанова баяндама оқыды:

«Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» деген тақырыппен еліміздің барлық білім ордалары биылғы, оқу жылының жаңа парағын ашты.

Адамгершілік мәдениетті дамыту үшін, жалпы оқушылар бойына сіңіру үшін күрделі формула емес қарапайым қағидаттарды ұсынғым келеді.

Ең алдымен, амандасу мәдениеті, кез-келген ортада жас ерекшелігіне қарамай бірінші болып амандасу. Бұл да мәдениеттің бір көрінісі, әркім өзінен бастауға міндетті, сонда ғана басқаға үлгі болады, ата-ана балаға үлгі болады, ұстаз-шәкітке, басшы-қызметкерге, әріптестер бір-біре әсер етеді деп ойлаймын.

Күн тәртібіндегі IV мәселе бойынша директор Г.Шакинова

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырылды.

Әдістемелік нұсқау хат бойынша тәрбие жұмысы бір тұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Мерейтой мен атаулы күндерге

арналған сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылады. Педагогика-психологиялық қолдау қызметі бойынша тәрбиешілер психологтармен бірігіп, жылына 4 рет тәрбие сағатын ұйымдастыру керек.

Оқу жылы ғимарат шатырының күрделі жөндеуден өтуіне сәйкес атаналардың және мектеп ұжымының келісімімен қашықтықтан ұйымдастырылады. Бірінші қыркүйек күні – Білім күніне сәйкес тәрбие сағаттар оқушылардың кластарға құрылған жұмыс чаттарына, инстаграм парақшасына салынады. Сабақтардың ұзақтығы – 20 минут.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселе бойынша директор Г.Шакенова Төртінші қыркүйектен бастап оқу-тәрбие процесіне көшеміз. Әдістемелік бірлестік жетекшілері 30-40 минутқа түске дейін түстен кейін мектепке шақыртылуы мүмкін.

- 1) Мекемеге жаңадан қосылып жатқан жас мамандармен таныстырып өтті.
- 2) 2023-2024 оқу жылындағы педагогтардың оқу жүктемелері туралы айтылды.

Қаулы:

Оқу-тәрбие жұмысын күрделі жөндеу жұмысы аяқталғанға дейін қашықтықтан ұйымдастырылсын.

2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық басшылыққа алынсын.

Мектеп-интернат-колледждің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

2023-2024 оқу жылындағы педагогтардың оқу жүктемелері бекітілсін.

Директор
Хатшы



Г. Шакенова
Г. Шағатаева